

РАССМОТРЕНО:
на педагогическом совете РГУ
«РССМШИ для одаренных детей
имени Куляш Байсеитовой»
Министерства культуры и
информации РК, Протокол № 1
от «29» 08 2025 г.

УТВЕРЖДАЮ:
Директор РГУ «РССМШИ для
одаренных детей имени Куляш
Байсеитовой» Министерства
культуры и информации РК
Абдрашев Б.Т.
2025г.



Мектеп жанындағы интернатқа
балаларды қабылдау комиссиясы туралы
ЕРЕЖЕ

№ 26

29.08.2025

1. Жалпы қағидалары

- 1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қ.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММ РКСМОМИ» РМУ интернатына балаларды қабылдау комиссиясының қалыптасу, ұйымдастыру және қызмет ету тәртібін реттейді.
- 1.2. Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ балаларды мектеп жанындағы интернаттарға орналастыру мәселелерін реттейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.
- 1.3. Балаларды интернатқа қабылдау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) өтініштерді қабылдауды және қарауды, құжаттарды тексеруді және балаларды интернатқа қабылдау туралы шешім қабылдауды жүзеге асыратын алқалы орган болып табылады.

2. Комиссияның мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. Үлгілік қағидаларға сәйкес оқушылардың мектеп жанындағы интернатта тұруына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.
- 2.2. Интернатқа қабылдау рәсімдерінің заңдылығын, объективтілігін және ашықтығын қамтамасыз ету.
- 2.3. Өтініштерді қарау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу.
- 2.4. Оқушылардың және олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

3. Комиссияның өкілеттіктері мен функциялары

- 3.1. Оқушылардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мектеп жанындағы интернатта орын беру туралы өтініштерін қарайды.
- 3.2. Ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың осы Ереженің талаптарына сәйкестігін тексереді.

3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеде көзделген өлшемшарттарға қатаң сәйкес интернатқа қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы алқалы шешімдер қабылдайды.

3.4. Білім алушылардың интернаттың ішкі тәртіп қағидаларын сақтау мәселелері бойынша жолданған өтініштерді, қызметтік жазбаларды және баянаттарды білім беру ұйымы басшысына ұсынымдар әзірлеу бөлігінде қарайды.

4. Комиссияның құрамы және оны қалыптастыру тәртібі

4.1. Комиссия мектеп директорының бұйрығымен құрылады.

4.2. Комиссия құрамына мектеп әкімшілігінің мүшелері, мектеп жанындағы интернат меңгерушісі, тәрбиешілер, педагог-психолог, медицина қызметкері, заңгер (болған жағдайда), педагогикалық ұжым өкілдері кіреді. Комиссия төрағасы Комиссияның алғашқы отырысында оның мүшелері арасынан көпшілік дауыспен сайланады.

4.3. Ұйым басшысының шешімі бойынша Комиссия құрамына дауыс беру құқығынсыз тәуелсіз бақылаушылар енгізілуі мүмкін.

4.4. Комиссияның сандық құрамы тақ болуы тиіс.

4.5. Комиссия отырысы оның жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды деп танылады.

4.6. Шешімдер қатысып отырған Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда мәселе қайта талқыланады немесе қосымша тәуелсіз Комиссия мүшесі тартылады.

4.7. Комиссия мүшелерінің болмауына байланысты оларды алмастыруға жол берілмейді.

4.8. Комиссияның өкілеттік мерзімі бір оқу жылын құрайды.

5. Комиссияның жұмыс тәртібі

5.1. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізіледі:

- бірінші сыныпқа қабылданған оқушыларды интернатқа орналастыру кезінде;
- интернаттағы бос орындарды бөлу кезінде.

5.2. Бос орындардың болуы туралы ақпаратты мектеп жанындағы интернат меңгерушісі ұсынады.

5.3. Оқу жылы ішінде Комиссия босап қалған орындар болған жағдайда өтініштерді қарайды.

5.4. Оқушының ата-аналары (заңды өкілдері) баласының өтініші қаралатын Комиссия отырысына қатысуға құқылы.

5.5. Ата-аналардың (заңды өкілдердің) келмеуі өтінішті қараудан бас тартуға негіз болып табылмайды.

5.6. Өтініштер оларды қабылдау кезектілігіне және басым санаттарды ескере отырып қаралады.

6. Интернатқа қабылдау өлшемшарттары

6.1. Интернатқа қабылдау кезінде мынадай санаттағы оқушыларға басымдық беріледі:

- шалғай, қатынауы қиын елді мекендерде тұратын оқушыларға;
- жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға.

6.2. Тең жағдайларда өтініші ертерек түскен оқушыға басымдық беріледі.

6.3. Осы Ережеде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген өлшемшарттарды қолдануға жол берілмейді.

7. Құжаттар тізбесі

7.1. Өтінішті қарау үшін ата-аналар (заңды өкілдер) мынадай құжаттарды ұсынады:

- мектеп директорының атына жазылған өтініш;
- баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- интернатта тұру қажеттілігін растайтын құжаттар (тұрғылықты жерінің қашықтығы, отбасының әлеуметтік мәртебесі және заңнамада көзделген өзге де негіздер).

7.2. Осы Ережеде көзделмеген қосымша құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

8. Комиссия шешімдерін рәсімдеу және іске асыру

8.1. Комиссия отырыстары хаттамамен рәсімделеді.

8.2. Хаттамаға отырысқа қатысқан Комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды.

8.3. Комиссия хаттамасының негізінде мектеп директоры оқушыны мектеп жанындағы интернатқа қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы бұйрық шығарады.

9. Комиссияның құқықтары мен міндеттері

9.1. Комиссияның:

- ата-аналардан (заңды өкілдерден) қосымша мәліметтер сұратуға;
- қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға құқығы бар.

9.2. Комиссия:

- өз қызметінде объективтілік пен бейтараптылықты қамтамасыз етуге;
- дербес деректермен жұмыс істеу кезінде құпиялылықты сақтауға;
- әрбір өтініш бойынша негізделген шешімдер қабылдауға міндетті.

10. Қорытынды ережелер

10.1. Осы Ережеде реттелмеген барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

10.2. Осы Ереже мектеп директорының бұйрығымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді және қажет болған жағдайда қайта қаралады.

10.3. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізіледі.

Лауазымы	Қолы	Аты жөні	Датасы
Дайындаған :			
Интернат меңгерушісі		Омирзакова А.М.	
Келісілді:			
Заңгер		Болсамбеков Н.А.	
Сапа менеджменті жөніндегі әкімшіліктің өкілі		Мусрепова М.С.	
Тәрбие жұмыстары жөніндегі директордың орынбасары		Сокпаева А.А.	
Кадрлар бөлімнің инспекторы		Касенова Р.С.	